

Елі үшін еңбек етер азаматтар баршылық

Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру аймағымызда қарқынды жүргізілуде

Дана халқымызда «Ауылына қарап азаматын таны» деген тамаша сөз бар. Ауылдан шыққан азаматтардың туған жерін түлетуге қосқан үлесі туралы да қазір жиі айтылып жүр. Тілеуқабыл Дүйсенов 1959 жылы Қаратал ауылында 11 баланы тәрбиелеп, ел қатарына қосқан көп балалы отбасында дүниеге келген. Бірге туған бауырлары еліміздің әр түкпірінде медицина, білім, құрылыс, ауылшаруашылық саласында еңбек етуде. Тілеуқабыл Мәрденұлының өмірлік серігі Ұлтай Бисенбайқызы ұстаз, үш баланың анасы, бүгінде құрметті демалыста. Туған ауылдың топырағы да ыстық дегендей Тілеуқабыл Мәрденұлы әскери борышын өтеп елге оралған күннен яғни, 1976 жылдан еңбек жолын осы ауылдан бастап, еңбекпен білімнің арқасында халықтың қалауымен 2013 жылы ауыл әкімі болып сайланды. Еңбек жолында сол кездегі Қаратал совхозында инженер, кейін жеке шаруашылықта директор-

лық қызметті де абыроймен атқарды. Мамандығы бойынша Қостанай ауыл шаруашылық институтын тәмамдап біліктілігін де арттырды. Осы орайда елдің қамын ойлап, туып өскен жеріне адал қызмет етіп отырған Қарақоға ауылдық округінің әкімі Тілеуқабыл Дүйсеновпен жолығып, бүгінгі ауылдың тыныс-тіршілігімен танысып қайтқан болатынбыз. Қаймағы бұзылмаған қазақ ауылының басты кәсібі мал және егін шаруашылығы. Қарақоға округіне қарасты Төлеңгіт, Құлшықай, Байқожа ауылдарын қоса алғанда бұл аймақта 200-ден астам шаңырақ бар. Округ орталығында О. Қозыбаев атындағы қара шаңырақ аталған, орта мектеп жұмыс істейді. Биылғы оқу жылының 4 тоқсанын 48 бала карантиндік режимнің санитарлық нормаларын сақтай отыра екі ауысымда аяқтады.

Ауыл аймағында ауыл шаруашылығын дамытып жергілікті тұрғындарды



жұмыспен қамтып отырған жеке шаруашылықтар да баршылық. Ауылдың гүлденіп, көркею жолы-

на үлес қосып отыратын жеке шаруашылық серік-тестіктерінің бірегейі «АГРОКОМ-ЛЕНД», «БЕРЕ-

КЕ-ТАН» екеніне тұрғындар да куә.

- Ауыл тұрғындары мал шаруашылығы кәсібін нәсібін тауып, өз алдарына еңбек етіп отырғандықтан бүгінгі таңда мемлекеттік бағдарламаларға да белсенділікпен атсалысады. Округіміз мемлекет тарапынан ұсынылып жатқан әрбір көмектен қалыс қалып жатқан жоқ. Ірі және ұсақ мал мен жылқы шаруашылығын дамытуда. Мысалы Құлшықай ауылының тұрғыны Сералы Карибаев деген азамат 2012 жылы «Сыбаға» бағдарламасымен мал басын көбейтіп, бүгінгі күні техникасын жаңарту мақсатында мемлекеттік несие алуды көздеп отыр. Еңбектің арқасында адал нәпақасын тауып, өз алдына шаруашылығын дөңгелетіп отыр.

- Ауылдық жердің, нақты айтқанда біздің ауылдың басты мәселесі тас жол болып тұр. Аудан орталығы мен ауылымыздың арасын байланыстыратын күре тамыр болған жолдың жағдайы тұрғындарымызды

алаңдатады. Әсіресе қыс, көктем мезгілдерінде жол қатынасы қиындай түседі. Екінші мәселе интернет желісі. Мектебімізде арнайы интернет орнатылған, ал ауыл тұрғындары үшін бұл мәселе әлі шешімін таба қоймады. Дегенмен жұмыстар жүргізіп жатырмыз алдағы уақытта шешімін табады деген сенімдеміз. Ауылдың болашағы жарқын болуын, тұрғындардың тұрақтап қалуын қалаймыз. Осы орайда ауылға жас мамандарды тарту жұмыстарын да жүргіземіз. Дегенмен осы орайда жол мәселесі бірінші орында, - дейді округ әкімі Тілеуқабыл Мәрденұлы.

Мемлекеттің қолдауы, кәсіпкерлер мен ауыл тұрғындарының бірлігінің арқасында ауыл гүлденіп, әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі қаланады. Тек, ерім деген ел болса, елі үшін еңбек етер азаматтар баршылық.